Медициналық бұйымды қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы
ЛАКТАЦИД қынаптық суппозиторийлер

Бір суппозиторийге құрамы
Сүт қышқылы - 100 мг (100% затқа есептегенде);
Макрогол 400 - 60 мг;
Макрогол 1500 - 3000 мг дейін.

Бұйым сипаттамасы
Ақ немесе сарғыш реңкті ақ түсті торпедо тәрізді суппозиторийлер. Мәрмәрлікке және қиығында ауа өзегі мен шұңғыма тәрізді ойықтың болуына жол беріледі.

Қолданылуы
«Лактацид» қынаптық суппозиторийлері қынаптың бұзылған pH микрофлорасын қалыпқа келтіру мақсатында, соның ішінде бактериялық вагиноз кезінде (кешенді терапия құрамында) жергілікті, қынапішілік қолдануға арналған.
Сүт қышқылы қынаптағы сүт қышқылы бактериялары тіршілігінің өнімі және қынап сөлінің негізгі компоненті болып табылады. Сүт қышқылы қынаптың қалыпты микрофлорасының өсуі мен дамуы үшін оңтайлы жағдай жасайды, қынаптың инфекциялардан табиғи қорғанышын арттыруға көмектеседі.

Қолдану тәсілі және дозалары
Суппозиторийді енгізер алдында қолды мұқият жуып, суппозиторийді контурлық қаптамадан шығарып, аяқты сәл бүгіп, шалқасынан жатып қынапқа енгізу керек.
Бір қынаптық суппозиторий қынапқа тәулігіне бір рет 10 күн бойы енгізіледі.

Айрықша нұсқаулар
Суппозиторийлер тек қынаптық қолдануға арналған!
Жұтуға болмайды!
Сүт қышқылы сүтқоректілер метаболизмінің аралық өнімі болып табылатындығын және әдетте адам организмінде, оның ішінде қағанақ суында, емшек сүтінде болатындығын ескере отырып, «Лактацид» медициналық мақсаттағы бұйымды жүктілік және емізу кезінде қолдану дәрігермен кеңескеннен кейін мүмкін болады.

Сақтық шаралары
Медициналық мақсаттағы бұйымның кез келген компоненттеріне жоғары сезімталдық кезінде қолдануға болмайды.
Егер ашытып күйдіру және қышу пайда болса, қынаптың зең инфекциясын жоққа шығару үшін тексеру жүргізу ұсынылады.
Егер суппозиторийлерді қолданғаннан кейін қынапта жайсыз сезінулер күшейсе немесе сыртқы жыныс мүшелерінде бұрын байқалмаған басқа симптомдар мен көріністер болса, оларды қолдануды тоқтатып, кеңес алу үшін дәрігерге жүгіну керек.
Қаптаманың тұтастығы бұзылған жағдайда суппозиторийлерді қолдануға болмайды.

Қолдануға болмайтын жағдайлар
- кандидозды вульвовагинит;
- балалар мен жасөспірімдер (18 жасқа дейін).

Қаптаманың ішіндегісі
5 суппозиторийді контурлы ұяшық қаптамасына орналастырады. Қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге екі контурлық ұяшықты қаптама картоннан жасалған бумаға салынады.

Сақтау шарттары
25 °С жоғары емес температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Жарамдылық мерзімі
2 жыл.
Медициналық мақсаттағы бұйымды қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін қолданбаңыз.
Жарамдылық мерзімінің өтетін күні осы айдың соңғы күні болып табылады.

Өндірушінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ, БР, 210002, Витебск қ., М. Горький көш., 62Б,
тел.: +375 (212) 36-47-77; тел./факс: +375 (212) 36-37-06,
www.rubikon.by, e-mail: secretar@rubikon.by

Өндірушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы уәкілетті өкілінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, корп. А, 316 кеңсе, пошта индексі 050000
Тел: +77079404917

Email: vrach-pharm@rambler.ru

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, корп. А, 316 кеңсе, пошта индексі 050000
Тел: +77079404917
Email: vrach-pharm@rambler.ru

Медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы қайта қаралуы

XX.XX.XXXX